7.22	Барлық кезеңдегі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды іске асыру қорытындылары бойынша келесідей нәтижелер алынуға тиіс. Жобалар бойынша жарияланды: 1) жаратылыстану, медициналық, нақты және техникалық ғылымдар саласында – Web of Science деректер базасының алғашқы үш квартиліне (Q1, Q2, Q3,) енгізілген рецензияланатын шетелдік ғылыми басылымдарда кемінде 1 (бір) мақала және (немесе) Scopus дерекқорындағы Cite Score бойынша процентильдің болуы, кемінде 35 (отыз бес); 2) әлеуметтік, әлеуметтік, гуманитарлық және әскери ғылымдар саласында – Web of Science базасында алғашқы үш квартиліне (Q1, Q2, Q3, Q4) енгізілген рецензияланған шетелдік ғылыми басылымдарда кемінде 1 (бір) мақала және (немесе) Scopus базасында Cite Score процентилі 25 - тен (жиырма бес) кем емес. Техникалық, жаратылыстану, медицина ғылымдары саласындағы қолданбалы зерттеулер жобалары бойынша қорғау құжаттары алынды (патентке қабілетті жобалар бойынша). Қолданбалы зерттеулер жобалары бойынша нәтижелер тәжірибеге енгізілді (мүмкіндігінше).
7.23	Ғылыми жұмысты жариялау кезінде, жоба барысында және/немесе аяқталғаннан кейін авторлар алынған грантқа оның нөмірін көрсете отырып сілтеме жасауға міндетті. Ағылшын тіліндегі басылымдардағы қаржыландыру туралы мәтін келесідей болуы керек: « <i>This research has been/was/is funded by the Kh. Dosmukhamedov Atyrau University (Grant No. 0215PKI0215)</i> », мұнда 0215PKI0215-ҰМҒТСО-да тіркелген жобаның тіркеу картасының нөмірі.
7.24	Іске асырылатын жоба шеңберінде зерттеу тобының мүшелері қажет болған жағдайда халықаралық конференцияларға қатыса алады немесе шетелдік жетекші ғылыми орталықтар мен ұйымдарда, шетелдік ғылыми зертханаларда шетелдік ғылыми тағылымдамадан өте алады.
7.25	Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер бойынша нәтижелер жаңа ғылыми

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: екінші
	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландырудың университетшілік конкурсы туралы Ереже	19-бет, 59 беттен тұрады

	білім (жарияланымдар, патенттер) немесе дайын ғылыми-техникалық өнім (жаңа технологиялар, ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық және тәжірибелік-өнеркәсіптік әзірлемелер, географиялық, геологиялық және басқа карталар, жаңа материалдар, препараттар, құралдар және т.б.) түрінде ұсынылуы тиіс.
7.27	Ұлттық компаниялардың немесе нақты сектордың ең өтініш берушінің не бизнес-серіктестің қаражатын тарта отырып, қолданбалы ғылыми зерттеулер бойынша нәтижелер бәсекеге қабілетті және экспортқа бағдарланған өнімді, автоматтандырылған және бағдарламалық-технологиялық кешендерді, жүйелерді (тәжірибелік-конструкторлық және тәжірибелік-өнеркәсіптік әзірлемелер, автоматтандырылған және бағдарламалық-технологиялық кешендер, эксперименттік және тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіріс және т. б.) жасау үшін дайын болуға тиіс.
7.28	Жоба шеңберінде алынған ғылыми зерттеулердің нәтижелері заңнамада белгіленген тәртіппен ҰМҒТСО-да міндетті мемлекеттік есепке алынуға жатады.
7.29	Қаржыландыруға арналған конкурс жеңімпаздарымен ғылыми, ғылыми-техникалық жобаны іске асыруға арналған келісім-шарт 6-қосымшаға сәйкес форма бойынша жасалады, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Келісім-шартқа күнтізбелік жоспар (А- қосымшасы) қоса беріледі.
8	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыруға арналған конкурсқа қатысу өтінімі нысанының талаптары
8.1	Гранттық қаржыландыру бойынша конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттардың тізімі: 1) Жоба бойынша ұсынылған ақпараттың анықтылығын растау, сондай-ақ ғылыми этика қағидаттарын, оның ішінде ғылыми этиканы бұзу фактілерін (ғылыми деректерді фабрикациялау, зерттеу деректерді бұрмалауға апаратын фальсификациялау, плагиат пен жалған тең авторлық, қайталауы, өзгелердің нәтижелерін иемдену және т.б.) болдырмауды сақтау, бұрын мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылмағаны туралы арыз. Аталған жобаны орындаушылар аталған конкурс шеңберінде басқа ғылыми ұйымдардың немесе жоғары оқу орындардың атынан толық немесе ішінара конкурстық жобаларды/өтінімдерді бермегені туралы кепілдік. Жетекшінің диссертация қорғаған ғылыми мамандығы, сондай-ақ оның ғылыми жұмыс тәжірибесі ғылыми жоба бейініне сәйкес келетініне кепілдік. 2) Жобаның 3 тілдегі қысқаша сипаттамасы (1- қосымша); 3) Конкурсқа қатысуға арналған өтінім (2 - қосымша); 4) Этика мәселесі бойынша орталық және жергілікті комиссияның мақұлдаған тұжырымының болуы (биомедицина бойынша адамдар мен жануарларға зерттеу жүргізу үшін);
8.2	Өтінім мәтіні мен жобаның қысқаша сипаттамасы нақты тұжырымдалған және келесі параметрлерді есепке ала біріңғай шрифтпен басылуы қажет («Microsoft Word» мәтіндік редакторының нұсқаларын қолдану қажет): - сол жақ жиегі – 2,5 см, оң жақ жиегі – 1,5 см, үстіңгі және астыңғы жиегі – 2 см; шрифт – «Times New Roman», өлшемі 12 (қосымшада өлшемі кіші шрифт қолданылуы мүмкін, бірақ өлшемі 10-нан кіші емес); - жоларалық интервал – бір; - азат жол (бірінші жол шегінісі) – 1,25 см; - тақырып пен мәтін, мәтін және қол қою арасындағы интервал – жоларалық бір

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: екінші
	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландырудың университетішілік конкурсы туралы Ереже	20-бет, 59 беттен тұрады

	<p>интервал;</p> <ul style="list-style-type: none"> - өтінім және оған қосымшаларының парақтары нөмірленуі керек; - өтінім көлемі А4 форматты 20 (жиырма) парақтан аспауы тиіс; - өтінімнің электронды нұсқасы мен жобаның қысқаша сипаттамасы Microsoft Word форматында (*.doc немесе *.docx) мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде әзірленеді, осыған қоса өтінімнің атауы жоба тақырыбының алғашқы бес сөзін қолдану арқылы көрсетіледі.
9	Қорытынды ережелер
9.1	Ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізу тек АМЖП жөніндегі проректордың рұқсатымен ғана жүзеге асырылады және оның қолымен ресімделеді.
9.2	Түпнұсқасы мен тіркелген көшірмелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі туралы ережені әзірлеу талаптарға сәйкес жүргізіледі
9.3	Түпнұсқаға және жұмыс даналары көшірмелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құрылымдық бөлімшелердің директоры жауапты.
9.4	Осы Ережеге университет ішіндегі ағымдағы өзгерістерді ескере отырып және басқа жағдайларда университеттің стратегиясындағы өзгерістерге сәйкес өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Кезеңді түрде, қажет болған жағдайда, құрылымдық бөлімшелердің басшысы ережелерді қайта қарайды.
9.5	<p>Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін негіз бола алады</p> <ul style="list-style-type: none"> - нормативтік құқықтық актілерге жаңадан енгізілген өзгерістер мен толықтырулар заң күші бар құқықтық актілер; - Басқарма Төрағасының – ректордың бұйрықтары; - құрылымдық бөлімшелер арасындағы міндеттерді қайта бөлу; - құрылымдық бөлімшелерді қайта құру; - қызметтік хат рұқсаты бар өзгертулердің себебі көрсетілген жадынама
9.6	Ұйымның немесе құрылымдық бөлімшенің атауы өзгерген жағдайда ережені ауыстыру қажет.
9.7.	Ауыстырылған жағдайда университетте бар күшін жойған ереженің барлық көшірмелері алынып тасталып, жаңасымен ауыстырылуы тиіс.
9.8	Халықаралық стандартының талаптары ИСО9001:2015
9.9	Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ИСО 9001:2015 талаптарына сәйкес қамтамасыз етуді үйлестіруді СМК жүзеге асырады.
9.10	Қағидалардың тіркелген жұмыс даналарын таратуды СМК жүзеге асырады
9.11	Жауапкершілік ереженің тіркелген жұмыс данасын бөлімшеде сақтауды ҚБЖ жүзеге асырады

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: екінші
	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржылайдырудың университетшілік конкурсы туралы Ереже	21-бет, 59 беттен тұрады

1 ҚОСЫМША

ЖОБАНЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

1. **Жоба тақырыбы атауы** (20 сөзден аспауы тиіс)
2. **Жоба рефераты (абстракт)** (250 сөзден аспауы тиіс)


Бөлімде зерттеулердің өзектілігін, пайдаланылатын әдіснаманы, күтілетін нәтижелерді және олардың қолданылуын, жобаның нәтижелері қажеттілігіне бағытталған әлеуетті тұтынушыларды сипаттай отырып, жобаның қысқаша мазмұны көрсетіледі.

3. **Жобаның мақсаты мен міндеттері** (200 сөзден аспауы тиіс)

Жобаның міндеті мен мақсаты жинақы және нақты, Жоба тақырыбына сәйкес келуі керек.

3. **Түйін сөздер**

Бөлімде Жобаға қатысты 10-ға (он) дейінгі түйін сөздер көрсетіледі.

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: екінші
	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландырудың университетішілік конкурсы туралы Ереже	22-бет, 59 беттен тұрады

2 ҚОСЫМША

ЖОБА ӨТІНІМІНІҢ МАЗМҰНЫ

- Өтінім мынадай бөліктерден тұрады:

- 1) аннотация;
- 2) түсіндірме жазба;
- 3) сұратылатын қаржыландырудың есеп-қисабы.

1. Аңдатпа

Аңдатпа жобаның мақсаты мен оны зерттеуге бағытталған мәселелерінің, зерттеулер жүргізудің негізгі тәсілдерінің, күтілетін нәтижелердің қысқаша сипаттамасын қамтиды.

Аңдатпа көлемі А4 форматындағы 2 (екі) беттен аспауы тиіс.

2. Түсіндірме жазба

Түсіндірме жазбаның мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды (бұл ретте өтінім нысанында сілтемелер бар кестелер, схемалар, диаграммалар түсіндірме жазбаның қосымшасына шығарылады және тиісті бөлімдердегі сөздер санын және өтінім беттерінің жалпы санын есептеу кезінде есепке алынбайды):

1. Жалпы ақпарат

1.1. Жоба тақырыбының атауы [20 сөзден кем емес].

1.2. Өтінім берілетін ғылымды дамытудың басым бағытының атауы.

1.3. Өтінім берілетін мамандандырылған ғылыми бағыттың атауы, зерттеу түрі.

1.4. Жобаның басталуы мен аяқталуының болжамды күні, оның айлардағы ұзақтығы.

1.5. Гранттық қаржыландырудың сұралатын сомасы (жобаны іске асырудың барлық мерзіміне және жылдар бойынша, мың теңгемен).

1.6. Сарапшыларды таңдау үшін өтінім саласын және бағытын сипаттайтын түйінді сөздер

2. Жобаның жалпы тұжырымдамасы [550 сөзден артық емес]

2.1. Кіріспе бөлігі [100 сөзден артық емес]

Жоба идеясының, оны шешуге бағытталған мәселенің қысқаша сипаттамасы көрсетіледі.

2.2. Жобаның мақсаты [50 сөзден артық емес]

Мақсат қысқа әрі нақты баяндалады, жобаның тақырыбына сәйкес келе отырып, қол жеткізуге және жобаны іске асыру нәтижесінде алынатын шешімнің сипатын көрсетуі тиіс. Мақсаттың мазмұны зерттеу нәтижесінде жауап берілуі керек негізгі сұрақты көрсетуі керек.

2.3. Жобаның міндеттері [400 сөзден артық емес]

Бұл бөлімде логикалық өзара байланысты, дәйекті міндеттер арқылы жобаның мақсатына қол жеткізу тәсілі сипатталады. Қойылған міндеттердің тізбесі келтіріледі:


1) есепті шешудің өлшенетін көрсеткіштерімен;

2) жобаның мақсатына қол жеткізудегі және жобаның басқа да міндеттерімен және күтілетін нәтижелерімен өзара байланыстағы әрбір міндеттердің рөлін қысқаша негіздеумен;

3) өтініш берушінің пікірі бойынша басқа да маңызды параметрлермен.

3. Жобаның ғылыми жаңалығы мен маңыздылығы [1 500 сөзден артық емес]

Бөлім келесідей ақпаратты қамтуы тиіс:

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: екінші
	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландырудың университетішілік конкурсы туралы Ереже	23-бет, 59 беттен тұрады

жобаны әзірлеуге алғышарттар (бар болса, жоба тақырыбына қатысты алдын ала нәтижелер және (немесе) өтініш беруші бұрын алған нәтижелер көрсетіледі);

2) Зерттелетін тақырыпқа қатысты әлемде және Қазақстан Республикасында бұрын жүргізілген ғылыми зерттеулерді міндетті түрде шолу жасай отырып жобаның ғылыми жаңалығын негіздеу, білімнің жетіспеушілігі және олардың осы жобамен өзара байланысы (контексте шолуда қолданылған әдебиетке сілтемелер көрсетілуі тиіс, оның толық жазылуы "Библиография" 8- бөлімінде ұсынылуы тиіс), жобаның күтілетін нәтижелерін қолда бар аналогтармен салыстыру;

3) жоба нәтижелерінің маңыздылығын негіздейтін ғылыми және технологиялық қажеттіліктер (егер бар болса, әлеуметтік сұранысты және (немесе) экономикалық және өнеркәсіптік қызығушылықты, басқа да растайтын мәліметтерді қамтуы мүмкін), жобаның ұлттық және халықаралық масштабтағы маңыздылығы, оның нәтижелерінің экономика, ғылым және / немесе тиісті саланың дамуына қолданылуы, немесе) қоғамдық қатынастар;

4) жобаның ғылыми-зерттеу жұмыстарының, ғылыми-техникалық әлеуеттің деңгейіне әсері, ғылыми ұйымдар мен олардың ұжымдарының бәсекеге қабілеттілігі, жоба нәтижелерінен күтілетін әлеуметтік және экономикалық әсері, күтілетін нәтижеге қол жеткізу үшін қажетті жағдайлар.

Аталған бөлімді сипаттау кезінде келесі позициялардың сипаттамасына назар аудару қажет:

1) жоба идеясының қазіргі аналогтардан принциптік айырмашылықтары. Егер зерттеу идеясы немесе нәтижесі әлемде және (немесе) Қазақстанда болса, жобаның артықшылығы неде және ол нәтижеден қаржыландырылуы тиіс екенін негіздеу қажет;

2) егер жобаның соңғы нәтижесі өнім болса, жоба шеңберінде ұсынылатын өніммен салыстырғанда жобаның пәндік саласындағы қазіргі уақытта қалыптасқан техника деңгейін сипаттау қажет;

3) егер жоба өтініш беруші бұрын жүргізген ғылыми зерттеулердің жалғасы болып табылса, жобаның бұрын жүргізілген ғылыми зерттеулермен өзара байланысын және оның олардан айырмашылығын нақты және қысқа баяндау қажет.

4. Зерттеу әдістері және этикалық сұрақтар [1 500 сөзден артық емес]

Бөлім келесі ақпараттарлы қамтиды:

1) негізгі ғылыми сұрақтардың сипаттамасы және жобаның гипотезасы, жобаны зерттеу типтерінде қолданылатын зерттеу стратегиясы мен тәсілдерінің негіздемесі (сипаттамалық, корреляциялық және/немесе эксперименталдық), зерттеу жүргізудің дәйектілігі;

2) ең маңызды эксперименттердің қысқаша сипаттамасы


3) қойылған мақсаттарға қол жеткізу тәсілдерін негіздеу ретінде жобада пайдаланылатын зерттеу әдістерінің сипаттамасы, олардың жобаның мақсаты мен міндеттерімен өзара байланысы

4) бастапқы ақпаратты жинау әдістері, оның көздері және жоба міндеттерін шешу үшін қолдану, деректерді өңдеу тәсілдері, сондай-ақ олардың анықтығы мен жаңғыртылуын қамтамасыз ету;

5) зияткерлік меншік құқықтарын зерттеу нәтижелеріне бөлу және ресімдеу шарттары (зияткерлік меншікті қорғаудың қандай тәсілі таңдалатынын көрсетіп, таңдауды негіздеу қажет).

5. Зерттеу тобы және жобаны басқару [1 500 сөзден артық емес]

Бөлім жоспарланатын штаттың (негізгі персоналдың) кемінде 70% (жетпіс пайыз) деректерін көрсетілген зерттеу тобының сипаттамасын қамтиды. Негізгі персоналды сипаттау кезінде:

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: екінші
	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландырудың университетішілік конкурсы туралы Ереже	24-бет, 59 беттен тұрады

1) зерттеу тобының құрамы 1- кестеге сәйкес. Зерттеу тобының құрамына жобаны іске асырудың барлық кезеңі ішінде, жыл сайын кемінде 6 (алты) ай ішінде толық мөлшерлемеден кем емес жобаны іске асыруға тартылған қызметкерлер ғана енгізіледі. Жобаға тартылған жұмыспен толық қамтылмаған зерттеу тобының мүшелері үшін, жоба бойынша жұмысқа жұмсалатын сағаттардың саны көрсетіледі.

2) жобаға зерттеу бағыты сәйкес келетін негізгі ғылыми жарияланымдары мен жетістіктері жобаның мақсатына, міндеттері мен күтілетін нәтижелеріне қол жеткізудегі рөлі көрсетілген қысқаша түйіндемесі көрсетілген шетелдік ғалымдардың жобаға қатысуы.

3) жас ғалымдардың (постдокторанттар, докторанттар, магистранттар) жобаны іске асырудағы рөлі, сондай-ақ орындалатын жұмыстың сипатын көрсете отырып жобаға қатысуы. Сонымен қатар жобаға өндіріс инженерлері қатыса алады.

4) шетелдік ғалымдарды қоса алғанда, зерттеу тобының құрамына әрбір мүшенің қатысуын негіздеу. Білімі, дәрежесі/ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, жоба бағыты бойынша жұмыс тәжірибесі, Хирша индексі және тиісті ғылымметриялық базадағы (бар болса) профильге сілтемелер, жобаға қатысуды негіздейтін негізгі жетістіктері көрсетілген әрбір мүшенің қысқаша түйіндемесі. Әрбір мүшенің жобадағы жұмысының бағыты мен сипаты, олардың жобаның мақсаты мен күтілетін нәтижелеріне қол жеткізудегі рөлі.

5) зерттеу тобы мүшелерінің сипаттамасы. Негізгі жарияланымдар (бар болса – тиісті деректер базасында және/немесе Digital Object Identifier DOI басылымына сілтемені көрсету) және бар патенттер, авторлық куәліктер, жобаның тақырыбына қатысты жобаның ғылыми жетекшісі мен зерттеу тобы мүшелерінің басқа да қорғау құжаттары туралы мәліметтер. Мәлімденген зерттеу бұрын жүргізілген зерттеулермен қалай байланыста екенін көрсету.

Жобаның ғылыми жетекшісі үшін оның конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігін растайтын барлық жарияланымдар, оның ішінде дәйексөз индексі, басылымның квантили (процентили) және тиісті ғылымметриялық базалардағы (DOI) жарияланымдар туралы мәліметтерге сілтеме жасалған болуы тиіс.

Зерттеу тобының негізгі қызметкерлерінің жоба бағыты бойынша жарияланымдары туралы (ғылыми топ мүшелерінің жалпы саны 10-нан кем емес мақалалары) дәйексөз келтірілген және тиісті ғылымметриялық мәліметтер базасындағы жарияланымдар туралы сілтемелер көрсетілуі тиіс. Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні жазылуы керек.

Қосымша персонал үшін (грант алған жағдайда тартылатын зерттеу тобы мүшелерінің 30%-ға дейін) олардың жобадағы орны мен рөлі, орындалатын жұмыстың сипаты және оларды іріктеу үшін қолданылатын тәсілдер көрсетіледі.


6 Зерттеу ортасы [750 сөзден аспайтын]

Бөлім келесідей ақпааттарды қамтиды:

1) жобаны іске асыру үшін тікелей пайдаланылатын өтініш берушінің қолда бар материалдық-техникалық базасының (жабдық, аспаптар, мүкәммал, көлік, гимараттар, құрылыстар және басқалар), оны пайдалану бағытын және ғылыми-зерттеу жабдығымен жұмыс істеу үшін дағдылары бар зерттеу тобының мүшелері көрсетілген сипаттамасы;

2) жобаны іске асыру үшін пайдаланылатын негізгі отандық және халықаралық байланыстар (коллабораторлар және жеке серіктестер), олардың пайдаланылу сипаты мен негіздемесі көрсетілген. Негіздемемен басқа да отандық және шетелдік ұйымдардың (зертханалардың) инфрақұрылымын пайдалану;

3) әрбір ұйымды тарту қажеттілігін негіздеумен, оның жобадағы рөлін, орындалатын жұмыстың сипатын, мақсатқа және күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге қосқан үлесін сипаттай отырып, жобаны іске асыруға бөгде ұйымдарды тарту;

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: екінші
	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландырудың университетішілік конкурсы туралы Ереже	25-бет, 59 беттен тұрады

4) ұтқырлықтың негіздемесі: ғылыми іссапарлар және олардың жобаны іске асыруға әсері, серіктес ұйымдар базасында жұмыс кезеңдері және олардың жобаны іске асыруға әсері. Әрбір шетелдік іссапар үшін іссапардың мақсаты, күтілетін нәтижесі және орындаушының жобаның мақсатына қол жеткізуге қосқан үлесі қысқаша көрсетіледі.

7. Сұралатын қаржыландырудың негіздемесі [1500 сөзден артық емес].

Бөлім келесідей ақпараттарды қамтиды:

1. 2-кестеге сәйкес жоба (бюджет) бойынша жиынтық есеп. Жобаның бюджетін жобаның ғылыми жетекшісі жұмыс жоспарына сәйкес бөледі және осы жобаға қатысты емес шығыстардың өзге баптарына бағытталуы мүмкін емес.

«Еңбекақы төлеу» бабы жобаның ғылыми-зерттеу тобы мүшелеріне, оның ішінде постдокторанттарға, докторанттарға, магистранттарға, сондай-ақ жеке табыс салығы мен міндетті зейнетақы жарналарын ескере отырып, қаржылық, экономикалық және құқықтық қолдау көрсететін тұлғаларға 3-кестеге сәйкес (штат кестесін немесе ғылыми-зерттеу тобының құрамын, сондай-ақ қаржылық, экономикалық және құқықтық қолдау көрсететін тұлғаларды қоса) төленетін шығыстарды көрсетеді. Есепте өтемақы және ынталандыру сипатындағы төлемдерден басқа еңбек демалысы ақысын төлеу қарастырылады.


«Қызметтік іссапарлар» бабында зерттеу жүргізуге тікелей байланысты Қазақстан Республикасының шегінде және шегінен тыс іссапарларға, конференцияларға, семинарларға, симпозиумдарға, басқа ұйымдардың инфрақұрылымын пайдалану үшін далалық іссапарлар 4 және 5 кестелерге сәйкес (билеттер бойынша (авто, теміржол, авиабилеттер) қызмет көрсетілетін компаниялардың сайттарынан баға ұсыныстарын, іссапарлар жоспарының жобасын қоса беру) барлық шығыстар көрсетіледі.

Осы кестені толтыру кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының шегінде іссапарлары туралы ережені басшылыққа алу қажет. 2000 жылғы 22 қыркүйектегі № 1428 "Бюджет қаражаты есебінен, оның ішінде шетелге іссапарлар шығыстарын өтеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулысы.

«Ғылыми-ұйымдастырушылық қамтамасыз ету, басқа да қызметтер мен жұмыстар» бабында мердігер шаруашылық жүргізуші субъектілерден сатып алатын, нәтижесі жобаның мақсатына жету үшін қажетті, оның ішінде (1) ұжымдық ғылыми зертханалардың қызметтері бойынша шығындар көрсетіледі. пайдалану және басқа зертханалар, (2) бірлесіп орындаушы ұйымдардың қызметтері, (3) конференцияларға, семинарларға, симпозиумдарға қатысу үшін ұжымдық алымдар, (4) жобаны іске асыру нәтижесінде алынған ғылыми нәтижелерді патенттеу, (5) зерттеу нәтижелерін жариялау, (6) 5-кестеге сәйкес аналитикалық материалдарды алу (сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, қызметтерге кемінде 1 (бір) баға ұсынысын және (немесе) прейскурантты қоса беру). Егер жобаны іске асыруға қатысатын шетелдік ғалымдар мен басқа ұйымдардың қызметкерлері зерттеу тобының мүшелері болса, олардың қатысу шығындары «Еңбекақы төлеу» бөлімінде көрсетіледі.

«Ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу» бабына (1) жоба нәтижесінде алынған ғылыми нәтижелерді патенттеуге, (2) зерттеу нәтижелерін жариялауға, (3) 9- кестеге сәйкес талдамалық материалдарды сатып алуға (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша үш баға ұсынысы немесе прайс-парағы қоса беріледі) шығыстар енгізілуі мүмкін.

«Өзге де қызметтер мен жұмыстар» бабында жобаның нәтижесі мен мақсатына қол жеткізу үшін қажетті кәсіпкерлік субъектілерінен орындаушы сатып алатын қызметтерге

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылған: екінші
	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландырудың университетішілік конкурсы туралы Ереже	26-бет, 59 беттен тұрады

арналған шығыстар, оның ішінде (1) ұжымдық пайдаланудағы ғылыми зертханалардың және басқа да зертханалардың қызметтері, (2) бірлесіп орындаушы ұйымдардың қызметтері, (3) 6-кестеге сәйкес конференцияларға, семинарларға, симпозиумдарға және басқаларына қатысқаны үшін ұйымдастырушылық жарналар (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша үш баға ұсынысы немесе прайс-парағы қоса беріледі) көрсетіледі. Егер жобаны іске асыруға қатысатын шетелдік ғалымдар зерттеу тобының мүшелері болып табылған жағдайда, олардың қатысу шығындары "Еңбекақы төлеу" бөлімінде көрсетіледі.

«Материалдарды сатып алу» бабында жобаның мақсатына қол жеткізу үшін қажетті материалдарға, оның ішінде 7-кестеге сәйкес химиялық реактивтер, еріткіштер, стандартты үлгілер, шығыс зертханалық материалдар, ғылыми-зерттеу жабдықтарына арналған қосалқы бөлшектер, жанар-жағармай материалдары және басқа да шығындар көрсетіледі (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша үш баға ұсынысы немесе прайс-парағы қоса беріледі).

«Жабдықтарды және (немесе) бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу» бабында (заңды тұлғалар үшін) 8- кестеге сәйкес жобаның мақсатына қол жеткізу үшін қажетті жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алуға арналған шығыстар көрсетіледі (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша үш баға ұсынысы немесе прайс-парағы қоса беріледі).


«Өзге де қызметтер мен жұмыстар» бабы бойынша мердігер шаруашылық жүргізуші субъектілерден сатып алған, нәтижесі жобаның мақсатына жету үшін қажетті қызметтерге, оның ішінде (1) ұжымдық пайдалануға арналған ғылыми зертханалардың және басқа да зертханалардың қызметтеріне; (2) бірлескен орындаушылар ұйымдарының қызметтері, (3) 6-кестеге сәйкес конференцияларға, семинарларға, симпозиумдарға және басқаларға қатысу үшін ұйымдастыру жарналары (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер үшін үш баға ұсынысы немесе прейскурант қоса беріледі). Жобаны жүзеге асыруға қатысатын шетелдік ғалымдар зерттеу тобының мүшелері болған жағдайда, олардың қатысу шығындары «Еңбекақы төлемі» бөлімінде көрсетіледі.

«Жалға алу шығыстары» деген бапта 10 және 11- кестелерге сәйкес өтініш берушіде тиісті үй- жайлар болмаған кезде (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша үш баға ұсынысы немесе прайс-парағы қоса беріледі) жобаның мақсатына қол жеткізу үшін қажетті үй- жайларды, жабдықтар мен техниканы жалға алуға арналған шығыстар көрсетіледі.

«Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін пайдаланылатын жабдықты және техниканы жалға алу шығындары, пайдалану шығындары» бабында өтінім берушіде тиісті үй-жайлар болмаған жағдайда жобаның мақсатына жету үшін қажетті үй-жайларды, жабдықтар мен механизмдерді жалға алу шығындары көрсетіледі, сондай-ақ жобаны іске асырумен және зерттеу жүргізуге тікелей қатысатын үй-жайларды, жабдықтарды және машиналарды ұстаумен байланысты коммуналдық қызметтерге шығындар 7-кестеге сәйкес (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер үшін кемінде 1 (бір) баға қоса беріледі) ұсыныс және (немесе) прейскурант).

«Жабдықтар мен техниканың пайдалану шығыстары» бабында жобаны іске асыруға байланысты коммуналдық қызметтерге арналған шығыстар, сондай-ақ 12- кестеге сәйкес зерттеулер жүргізуге тікелей тартылған үй- жайларға, жабдықтар мен техникаға қызмет көрсетуге арналған шығыстар (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша үш баға ұсынысы немесе прайс-парағы қоса беріледі) көрсетіледі .

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер» бабында 13- кестеге сәйкес әлеуметтік салықты төлеуге, әлеуметтік сақтандыруға және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер шығыстары көрсетіледі.

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: екінші
	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландырудың университетішілік конкурсы туралы Ереже	27-бет, 59 беттен тұрады

2. 3-7 – кестелерге сәйкес шығыстардың әрбір бабына есеп айырысулар.

3. Жобаның мақсатына, міндеттеріне және күтілетін нәтижелеріне қол жеткізу үшін олардың қажеттілігінің міндетті негіздемесімен, сондай-ақ олардың негізінде шығыстардың тиісті бабы есептелген бағалар туралы ақпарат көздерін көрсете отырып, шығыстардың әрбір бабының мазмұнына және шамасының есебіне қысқаша түсіндірме.

Шығыстардың барлық баптарының жалпы сомасы қаржыландырудың сұралған сомасы болып табылады және «Жалпы ақпарат» бөлімінің 1.5-тармағында көрсетілген сомаға баламалы болуы керек.

Өтінім құрамында берілетін жобаның бюджетіне Ұлттық ғылыми кеңестің шешімі негізінде өзгерістер енгізілуі мүмкін.

8. Жобаны іске асыру жоспары [750 сөзден артық емес]

Бөлім Гант диаграммасы нысанында немесе 14- кестеге сәйкес жоба бойынша жұмыстардың дәл, дәйекті жоспарын қамтиды.

Жобаны іске асыру жоспары әр іс-шараның тиісті тапсырманы шешу үшін маңыздылығын, жобаның бюджетіне сәйкес іс-шараның құнын негіздейтін, өтініш берушінің қалауы бойынша сарапшылардың жобаны сенімді бағалауы үшін қажетті басқа ақпаратты көрсететін қысқаша түсіндірмелермен бірге берілуі керек.

9. Күтілетін нәтижелер [750 сөзден артық емес]

Бөлімде зерттеулердің негізгі нәтижесі сипатталады, яғни жобаның мақсатына қол жеткізуге сәйкес келетін нәтиже, оның сандық және сапалық сипаттамалары мен іске асыру нысаны көрсетіледі. Жобаның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес нәтиже негіздемесі келтіріледі.

Конкурстық құжаттаманың талаптарына байланысты жоба нәтижесін іске асыру нысандары болып табылуы мүмкін:

1) Шетелдік рецензияланатын ғылыми журналдарда мақалаларды жариялау (жоба нәтижелерін жариялауға арналған болжамды басылымдар, тиісті ғылымиметрикалық базадағы басылым туралы ақпаратқа сілтеме жасалған басылымның дәйексөзінің индексі). Зерттеу нәтижелері бойынша мақалалар саны бойынша талаптар конкурстық құжаттамада белгіленеді. Әрбір бап грант көзі ретінде қаржыландыруды көрсете отырып, оның шеңберінде қаржыландырылған жобаның сәйкестендірілген тіркеу нөмірі және атауы туралы ақпаратты қамтуы тиіс,

2) шетелдік және (немесе) қазақстандық баспалардың кітаптарында монографияларды, кітаптарды және (немесе) тарауларды жариялау;

3) шетелдік патенттік бюролардан (еуропалық, американдық, жапон), қазақстандық немесе еуразиялық патенттік бюродан патенттер алу;

4) ғылыми-техникалық, конструкторлық құжаттаманы әзірлеу;

5) әлеуетті пайдаланушылар, ғалымдар қоғамдастығы және қалың жұртшылық арасында жұмыс нәтижелерін тарату;


6) конкурстық құжаттаманың талаптарына және жобаның ерекшеліктеріне сәйкес басқа да өлшенетін нәтижелер. Сонымен қатар бөлімде көрсетіледі:

1) күтілетін нәтижелердің әрқайсысының қолданылу саласы және мақсатты тұтынушылары;

2) күтілетін нәтижелердің ғылым мен технологиялардың негізгі ғылыми бағыты мен аралас салаларын дамытуға әсері;

3) алынған ғылыми нәтижелерді қаржыландырудың қолданылуы және (немесе) мүмкіндігі;

4) жоба нәтижелерінің негіздемесі бар әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, ғылыми-техникалық, мультипликативтік және (немесе) өзге де әсері;

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: екінші
	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландырудың университетішілік конкурсы туралы Ереже	28-бет, 59 беттен тұрады

5) жобаның сапалық және сандық сипаттамалары көрсетілген басқа да тікелей және жанама нәтижелері.

Бүкіл кезеңдегі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды іске асыру нәтижелері бойынша келесі нәтижелер алынуы тиіс.

Жобалар жарияланаған:

- 1) жаратылыстану, медициналық, нақты және техникалық ғылымдар саласында** – Web of Science деректер базасының алғашқы үш квартиліне (Q1, Q2, Q3,) енгізілген рецензияланатын шетелдік ғылыми басылымдарда кемінде 1 (бір) мақала және (немесе) Scopus дерекқорындағы Cite Score бойынша процентильдің болуы, кемінде 35 (отыз бес)
- 2) әлеуметтік, әлеуметтік, гуманитарлық және әскери ғылымдар саласында** – Web of Science дерекқорының алғашқы үш квартиліне (Q1, Q2, Q3, Q4) енгізілген рецензияланған шетелдік ғылыми басылымдарда кемінде 1 (бір) мақала және (немесе) Scopus дерекқорында Cite Score пайызтилінің болуы 25 (жиырма бес) кем емес.

Техникалық, жаратылыстану, медициналық ғылымдар саласындағы қолданбалы ғылыми жобаларға (патенттік жобалар үшін) қорғау құжаттары алынды.

Қолданбалы ғылыми жобалардың нәтижелері тәжірибеге енгізілді (қалау бойынша).

10. Библиография

Бөлімде «Жобаның ғылыми жаңалығы мен маңыздылығы» атты 3-тармағында келтірілген басылымдар, сілтемелер көрсетіледі.

Әрбір жарияланымда журналдың толық атауы, басылым нөмірі, шығарылған жылы, бет нөмірі, мақаланың толық атауы, мақаланың барлық авторларының аты болуы тиіс.

Қосымша:

1) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісін аккредиттеу туралы куәліктің көшірмесі не уәкілетті органның бұйрығынан үзінді көшірме;

2) жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі (егер өтініш беруші жеке тұлға болған жағдайда);

3) 1-кестеге сәйкес зерттеу тобының құрамы;

4) 14-кестеге сәйкес жобаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары;

5) 15-кестеге сәйкес жекеше әріптес тарапынан жобаны іске асыруға үлес енгізу жоспары (қолданбалы ғылыми зерттеулер үшін).


3. «Сұралған қаржыландыруды есептеу»

«Сұралған қаржыландырудың есебі» бөлігі гранттық қаржыландыру жобасын іске асыру үшін сұралатын көлемінің есебін негіздейтін 2-13 - кесте түрінде ресімделеді.

Есеп айырысуларға түсіндірме «Сұралған қаржыландырудың негіздемесі» деген 7-тармағының «Түсіндірме жазба» бөлігінде келтіріледі.

1- кесте – Ғылыми зерттеулер жүргізу бойынша зерттеу тобының құрамы

№	Т.А.Ә., дәрежесі/ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы1	Негізгі жұмыс орны, лауазымы2	Индекс Хирша, идентификаторлары Researcher ID, ORCID, Scopus Author ID (бар болса)	Жобадағы немесе бағдарламадағы рөлі	Жұмыспен қамту (толық, толық емес)	Жоба бойынша жұмыс кезеңі (ай)
---	---	----------------------------------	--	-------------------------------------	------------------------------------	--------------------------------

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: екінші
	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландырудың университетішілік кәсіпқұрылымы туралы Ереже	29-бет, 59 беттен тұрады

¹Өтінімді дайындау күні және оның қатысуы грант алу кезінде жоспарланатын мәліметтері жоқ ғылыми-зерттеу тобының мүшелері үшін «Бос орын» сөзі «Т.А.Ә. дәрежесі / ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы» бағанында көрсетіледі.


²Негізгі персоналға жатпайтын және өтінімді дайындау күні айқындалмаған зерттеу тобының мүшелері үшін "негізгі жұмыс орны, лауазымы" бағанында сызықша көрсетіледі. Өтінім дайындалған күні белгісіз постдокторанттар, докторанттар, магистранттар үшін мәртебесі (постдокторлық кандидат, докторант, бакалавриат, мамандық және жоғары оқу орны ғылыми жұмыс тобына тиісті жұмысшыларды тартады деп болжанған), «негізгі жұмыс орны, лауазымы» бағанында көрсетіледі.

2-кесте – Сұралған сома бойынша шығындардың сметалық жинақ есебі

№	Шығын баптарының атауы	Қаржыландыру көлемі, теңге
1.	Айлық ақысы (еңбекақы)	
2.	Ғылыми іссапарлар (Қызметтік іссапарлар):	
2.1.	Қазақстан Республикасының ішінде	
2.2.	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде	
3	Бөгде ұйымдардың қызметі (өзге қызметтер мен жұмыстар)	
4.	Материалдар сатып алу	
5.	Жабдықтар және (немесе) бағдарламалық қамтамасыздандыру сатып алу (заңды тұлғалар үшін)	
6.	ғылыми-ұйымдастырушылық ілеспе	
7.	орындайды жалға алу	
8.	жабдық пен техниканы жалға алу	
9.	зерттеуді жүзеге асыру үшін пайдаланылатын жабдықтар мен техниканы ұстауға кеткен қолданыстық шығындар	
10.	Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер	
Барлығы		

3-кесте – Айлық ақысы (еңбекақы)

№№	Жобаданғы позиция	Жұмыспен қамту (толық/ емес)	Айлық ақысы (еңбекақы), теңге		
			Мөлшерлеме, мың айына	Жұмыс айларының саны	Сомасы (гр.3× гр.4× гр.5)
1	2	3	4	5	6
1.	Зерттеу тобының мүшелері			x	
1.1.					
1.2.					
...					
2	Қосымша персонал			x	
2.1					

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басшылым: екінші
	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландырудың университетшілік конкурсы туралы Ереже	30-бет, 59 беттен тұрады

2.2					
...					
Барлығы (1 т.+2т.)					x


4-кесте – Қазақстан Республикасының ішіндегі қызметтік іссапарлар

№№	Белгіленген пункт бағыты (елді-мекен)	Бір күндік шығындарды өтеу нормасы 1 адамға, теңге ³		Адамның-күннің орташа жылдық саны		Іссапарға шыққан адамдардың орташа жылдық саны	Екі араға жол жүрудің орташа құны, теңге	Барлығы, мың теңге. гр.7× (гр.3×гр.5+ гр.4×гр.6)+ гр.7×гр.8
		(2 АЕК), теңге)	Тұрғын үйді жалдау	Бір күндік тұратын орынды жалдау үшін	Тұрғын үйді жалдау бойынша			
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1.								
1.1.								
1.2.								
...								
Жоба бойынша барлығы (1 т. +2 т.+ 3 т.)								

³Іссапарға шыққан қызметкердің шығындарын өтеу бойынша «Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының ішіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1428 Қаулысын және «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулысын басшылыққа алу қажет.

5-кесте – Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде қызметтік іссапарлар

№№	Белгіленген пункт бағыты (мемлекет, қала) ⁴	Шығындар бабының аталымы ⁴	Құны, теңге	Адамның-күннің орташа жылдық саны	Іссапарға шыққан адамдардың орташа жылдық саны	Барлығы, мың теңге (гр. 4 × гр. 5 × гр. 6)
1	2	3	4	5	6	7
1.						
1.1.		Екі арада жол жүру ¹ , теңге				
		Тұру, тәулігіне теңге				
		Тәуліктік, тәулігіне теңге				
		Визалық шығындар, теңге				

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: екінші
	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландырудың университетшілік конкурсы туралы Ереже	31-бет, 59 беттен тұрады

	Медициналық сақтандыру, теңге				
Барлығы					

⁴Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі ғылыми іссапарлардың әрқайсысы жобаны іске асырудың тиісті жылдарына толтырылады

5 қызметкерлерге тәуліктік шығындарды қайтару нормалары немесе қонақ үй нөмірлерін жалдау бойынша шығындарды қайтару нормалары «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулысына сәйкес есептеледі

⁶ шетелге кіру барысындағы шетелдік валютадағы транспорттық шығындар «Экономикалық» класы бойынша күн көлемінде өтеледі

6-кесте – Өзгеде қызметтер мен жұмыстар

№№	Қызмет аталымы және қысқаша сипаттама	Орындаушы	Қызмет нәтижесі	Өлшем бірлігі	Саны, бірлік	Барлығы, теңге
1	2	3	4	5	6	7
1.						
1.1.						
1.2.						
...						
Барлығы						


7-кесте – Материалдар сатып алу

№№	Материалдардың аталымы	Өлшем бірлігі	Біреуінің бағасы, теңге	20 жыл (1-жыл)	
				Саны	Құны, теңге (гр.4 × гр.5)
1	2	3	4	5	6
Барлығы:				x	

8-кесте – Жабдықтар және (немесе) бағдарламалық қамтамасыздандыру сатып алу (заңды тұлғалар үшін)

№№	Аталымы	Өндіруші, моделі, негізгі сипаттамалары	Өлшем бірлігі	Саны, бірлік	Біреуінің бағасы, теңге	Барлығының құны, теңге (гр.5 × гр.6)
1	2	3	4	5	6	7
1.					x	
1.1.						
1.2.						
...						
Барлығы					x	

9-кесте – Ғылыми-ұйымдастырушылық ілеспе

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: екінші
	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландырудың университетішілік конкурсы туралы Ереже	32-бет, 59 беттен тұрады

№	Қызмет аталымы	Қызмет нәтижесі, оның негізгі сипаттамалары	Өлшем бірлігі	Саны, бірлік	Барлығының құны, теңге
1	2	3	4	5	6
1.					
1.1.					
1.2.					
...					

10-кесте – Орынжайды жалға алу (жеке тұлғалар үшін)

